

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/YVDX6427>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/EPHU7940>

***Р. К. Тоқсанбаева¹, Қ. К. Кенжеқанова²**

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ

ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8363-4225>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1826-4392>

*e-mail: rakhiyatoxic@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІНДЕ СИНОНИМИЯ МЕН ПОЛИСЕМИЯНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Зерттеу Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің қазақ және орыс тілді нұсқаларында кездесетін синонимия мен полисемия және заң аудармасындағы лингвистикалық мәселелерге арналған. Аудармада балама терминдердің қолданылуы әсерінен туындаған заң тіліндегі лингвистикалық дәлсіздік күрделі қиындықтар туғызуы мүмкін және ол заң түсіндірмесі мен қолданысына ықпал етеді. Зерттеудің негізгі мақсаты – Азаматтық кодексте синонимия мен полисемияның қолданысы арнайы немесе аударма қателері салдарынан екенін анықтау. Аталмыш мәселе, әсіресе, Қазақстан үшін өзекті, өйткені мұнда заңдар әуелі орыс тілінде әзірленіп, содан соң қазақ тіліне аударылады; сондықтан аударманың субъективтілігіне байланысты жиі дәлсіздікке ұшырайды. Зерттеуде салыстырмалы әдіс қолданылады, яғни Азаматтық кодекстің қазақ тілді нұсқасының жалпы және арнайы бөліктерін орыс тілді нұсқасымен салғастыруға және талдауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде сәйкессіздіктерді анықтап, олардың салдарын бағалауға жол ашады. Зерттеуде заң мәтіндердегі лингвистикалық дәлдікті қамтамасыз етудің практикалық және ғылыми маңыздылығы айқын көрсетілген. Аудармадағы қателер Азаматтық кодекстің орыс және қазақ тілдеріндегі нұсқаларының қарама-қайшы түсіндірмелеріне және әркелкі қолданылуына ықпал етеді. Азаматтық кодекс терминдерін синонимия және полисемия тұрғысында қарастыратын зерттеу заң лингвистика саласына өз үлесін қосып, заң құжаттарының жүйелі әрі нақты болу жолдарын ұсынады.

Кілтті сөздер: синонимия, полисемия, Азаматтық кодекс, заң аудармасы, заң аудармасындағы әркелкілік

Кіріспе

Табиғи тіл дәл мағынаны жеткізу тұрғысынан өзіндік шектеулерге ие. Сөздер әдетте бірнеше мағынаға ие және олардың түсіндірмелері уақытпен бірге өзгерістерге ұшырап отырады. Аталмыш мәселе ауызекі тіл үшін үйреншікті жағдай болғанымен, заң мәнмәтінінде айрықша келеді. Заң ұғымдары көбінесе әртүрлі дереккөздерден бастау алады және заң шығарушылар бірізділікті сақтау және әділетсіз нәтижелердің алдын алу үшін заң жобаларын жасау кезінде дәлдікті мақсат етеді.

Тілдің өзіне тән дәлсіздігі, бір жағынан, заңды үздіксіз қайта қарауды талап етпей-ақ, көптеген жағдайларда орындылығын қамтамасыз ете отырып, оның бейімделгіш болып қалуына мүмкіндік береді. Бұл икемділік қасиет сот пен заң мамандарына заң ережелерін жекелеген істердің ерекшеліктерін ескере отырып түсіндіруге және қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, Азаматтық кодекстің 284-бабында: *«тараптардың бірі міндеттемені орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда...»* Алайда, *тиісінше орындамаған* термині түсініктемесіз қалдырылған, яғни бұл дұрыс немесе бұрыс орындауға қатысты түсіндіруге мүмкіндік береді. Екінші жағынан, аударма үдерісінде пайда болатын қажетсіз дәлсіздік заңды дәйекті түсіндіру мен қолдануда қиындықтар туғызып, оның тиімділігіне нұқсан келтіреді.

Заңның дұрыс түсіндірілуі мен сәйкес қолданылуын қамтамасыз ету үшін, оны нақты әрі айқын әзірлеу өте маңызды. Бұл мәселенің өзектілігі Қазақстанда айрықша жоғары, өйткені заңдар көбінесе орыс тілінде жазылып, кейін қазақ тіліне аударылады. Бұл процесс аударманың нақтылығы мен дәлдігіне тікелей әсер ететін субъективті элементті енгізеді. Тіпті бір тілдің ішінде де заң мәтіндері бірнеше немесе қайшылықты түсіндірмелерге ие болуы мүмкін. Аударма кезінде терминдерді таңдау осы екіұштылыққа одан әрі ықпал ету ықтималын туғызады, өйткені дәл емес немесе сәйкес келмейтін баламаларды таңдау көзделген мағынаны бұрмалауы мүмкін. Мұндай мәтіндер туыс емес тілге аударылған кезде, негізгі алғышарттар мен астарлы мағына жиі сәйкес келмей қалады да, түпнұсқа мен аударылған нұсқа арасында айырмашылықтардың туындауына ықпал етеді.

Синонимия

Заң жобасын әзірлеуде нақтылыққа басымдық беріліп, әрбір ұғымды бірмағыналы термин арқылы беру мақсат етіледі. Кейбір ғалымдар синонимияның қолданылуы құқықтық мәтіндердің дәлдігіне нұқсан келтіріп, мағыналық анықтықты төмендетеді деп есептейді. Бір мағынаны білдіретін бірнеше терминнің қатар қолданылуы құқықтық түсіндірудегі

қиындықтар мен түсінбеушіліктерге алып келуі мүмкін. Алайда, кей жағдайларда заңгерлер жаңа терминдерді енгізу арқылы бұл қағидаттан ауытқып, құқықтық тілдің бірізділігін күрделендіреді. Сонымен қатар, кейбір зерттеушілер синонимияны қолдану заң мәтіндерінде қайталануды болдырмауға ықпал етеді деп санайды.

Синонимия ұғымын көптеген лингвист ғалымдар қарастырып, оған әртүрлі анықтамалар берген. Ұлыбританиялық лингвист-ғалым Круздың пікірінше, егер бір сөздің мағынасы екінші сөздің мағынасына «жеткілікті дәрежеде жақын» болса, бұл екі сөзді синонимдер деп атауға болады [1, 176-б.]. Сонымен қатар, Фромкин және т.б. синонимдерді «дыбысталуы әртүрлі, бірақ бірдей немесе бірдей дерлік мағынаға ие сөздер» деп сипаттайды [2, 181-б.]. Синонимия ұғымына көптеген ғалымдар түрлі атаулар береді, сол себепті ол әртүрлі жіктеледі. Круз синонимияны үш категорияға бөледі: абсолютті (*absolute synonymy*), пропозиционал (*propositional synonymy*) және таяу (*near-synonymy*) [3].

Арнайы аудармада абсолютті синонимдерге қарағанда таяу синонимдерге көбірек назар аударған жөн, өйткені мағынасы бірдей және барлық мәнмәтінде бір-бірін алмастыра алатын терминдер өте сирек кездеседі [4].

Полисемия

Полисемия заңгерлік дискурста маңызды рөл атқарады, өйткені ол бір сөздің бірнеше мағынаға ие болуы. Бұл заң саласында дәлсіздік мәселесінің пайда болуына үлес қосатын негізгі факторлардың бірі болып есептеледі. Фин заңгері әрі тіл маманы Хейкки Е. С. Матилланың айтуынша табиғи тіл сияқты заң терминологиясы да полисемияға ие, яғни сөздердің бірнеше мағынасы болады [5]. Сондай-ақ, Хемелдің пікірінше, полисемия – бұл бір терминнің немесе сөз тіркесінің бірнеше өзара байланысты мағынаны білдіретін жағдайы және ол заң тіліне тән ерекшелік болып табылады [6].

Белгілі бір көп мағыналы терминдер абстракт ұғымдармен қатар, материалдық нысандарды да қамтуы мүмкін. Ортега-Андрес пен Висенте *кітап* терминінің бір мәнмәтінде *қағаз бетіне басып шығарылған физикалық нысанды* білдірсе, екінші мәнмәтінде *ақпараттық мазмұнды* білдіретінін сипаттайды [7]. Сол сияқты, заңгерлік дискурста заң термині келесі құбылысты білдіреді: қоғамды басқаратын қағидаттар мен ережелердің абстракт жүйесі (мысалы, «Заң ережесі») немесе арнайы материалдық жарғылар мен бекітілген заң мәтіндері (мысалы, «Заң ресми газетте жарияланды»).

Қазақ тілінде полисемия бір сөз негізгі ойдан бастау алатын бірнеше сабақтас мағынаны білдіріп, көбінесе қоғамдағы өзгерістер, жиі қолданыс, абстракт ойлау арқылы қалыптасқан кезде пайда болады, мысалы, «ай сөзі аспан денесі деген мәннен «жылдағы 30 күн» мәнін алған, себебі әрбір

отыз күнде ай жаңарып отырады» [8, 8-б.]. Қазақ заң тіліндегі терминдердің көпшілігі жасанды түрде жасалмаған; керісінше, олар күнделікті ауызекі сөйлеу тіліне негізделген. Заң саласындағы көптеген терминдер қарапайым тілден алынғанымен, олардың мағыналары арнайы заңгерлік мәнді жеткізу мақсатында кеңейтіліп, кәсіби контекстке бейімделген.

Синонимия мен полисемия аясында жүргізілген талдау, олардың Азаматтық кодекстің орыс және қазақ тілдеріндегі нұсқалары арасындағы заң нормаларын түсіндіру мен қолдануды қиындататын аудармалық сәйкессіздіктердегі рөлін зерттейді. Зерттеу мәселесі Азаматтық кодекстің қазақ тіліндегі нұсқасында синонимия мен полисемияның қолданысы арнайы немесе кездейсоқтық екенін қарастырады және тілдік дәлсіздік құқықтық түсіндіруге қалай әсер ететінін анықтауды мақсат етеді. Бұл мәселелерді шешу заң терминологияның дәлдігін арттыру және Қазақстанның көптілді құқықтық жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын тең құқықсыз нәтижелердің қаупін азайту үшін өте маңызды.

Әдістер мен материалдар

Зерттеу мақсатына жету үшін Қазақстанның негізгі заңнамалық актілерінің бірі саналатын Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаларының жалпы және арнайы бөліктері талданды. Мақала Азаматтық кодекстің қазақ тілді нұсқасындағы синонимия мен полисемияны ашық және жасырын мазмұнды талдау арқылы зерттейді. Ашық мазмұн нақты сөздер мен элементтерді қарастырса, жасырын мазмұн терең мағына мен астарлы тақырыптарды талдайды [9]. Бұл әдіс Азаматтық кодекстағы синонимия мен полисемияның жиілігі мен мәнмәтінін анықтауға көмектеседі.

Азаматтық кодекстің орыс және қазақ тілді нұсқаларын салыстырып, заң терминдерінің аудармасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды зерттеу салыстырмалы-талдау әдісі арқылы жүзеге асырылды. Бұл әдіс, түпнұсқа мәтінде орын алатын заң терминдер мен олардың қазақша баламалары ретінде қолданылғын синонимия мен полисемияларды талдау арқылы аудармадан туындайтын мағыналық ерекшеліктер мен дәлсіздіктерді айқындайды.

Азаматтық кодекстің қазақ тілді нұсқасында кездесетін терминдердің синонимдік тізбектері мен полисемия мысалдарын анықтау үшін *Termincom.kz* (*Termincom*) сайты басшылыққа алынды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен бекітілген *Termincom.kz* сайты ғылым, білім, технология, экономика және әлеуметтік өмірді қамтитын терминдер мен сөз тіркестерінің ұлттық электронды базасы қызметін атқарады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Азаматтық кодекстің жалпы және арнайы бөліктерін талдау Азаматтық кодекстің қазақ тілді нұсқасындағы арнайы орысша терминдердің баламасы ретінде таңдалған терминдерді анықтауға бағытталады.

Азаматтық кодекстің 7-тарауындағы *исковая давность* термині қазақ тілінде *талап мерзімі*, *талап қою*, *талаптың ескіруі* деп әртүрлі аударылған. Орыс тіліндегі нұсқада термин бірізді әрі заңдық тұрғыдан нақтылығымен ерекшеленсе, қазақша аудармасында бұл тұрақтылық сақталмаған. 179-бапта *мерзім* сөзі *талап мерзімі* (исковая давность) және *талап қою мерзімі* (срок исковой давности) сөз тіркестерінде қолданылады, бірақ бұл *срок* және *давность* ұғымдарын ажыратуда қиындық тудырады, өйткені олардың айырмашылығы қазақша мәтінде айқындалмаған. 370-бапта талап мерзімі *срок требования* ұғымының баламасы ретінде берілген, алайда бұл *исковая давность* терминінен алшақ. Мұндай сәйкессіздіктер заң мәтінін түсіндіруді қиындатып, қазақша нұсқаның дәлдігіне әсер етеді. Сонымен қатар, 177-бапта *исковая давность* үшін *талап қою* және *талаптың ескіруі* терминдері қолданылған, бірақ *талап қою* басқа баптарда *предъявление требования* және *иск* ұғымдарын білдіру үшін де кездеседі.

Мысалы, *талап қою* термині 263-бапта *иск* терминіне балама ретінде қолданылған:

– қазақ тіліндегі мәтін: «...меншік иесінің мүлікті қайтару туралы *талап қою* жөніндегі хабарламасын алған кезден бастап...»;

– орыс тіліндегі мәтін: «...получил повестку по *иску* собственника...»

180-бапта *талап қою* термині *предъявление требования* ұғымының баламасы ретінде және *исковая давность* ұғымын білдіру үшін қолданылған.

Қазақ тіліндегі мәтін: «...*талап қою* мерзімінің өтуі міндеттемені

– орындау туралы *талап қойылған* кезден басталады...».

– Орыс тіліндегі мәтін: «...течение *исковой давности* начинается с момента *предъявления требования* об исполнении обязательства...»

Аталмыш мәселе 179-бапта да көрініс табады, мұнда да талап қою термині екі түрлі мағынада қолданылған:

– Қазақ тіліндегі мәтін: «*Талап қойғанға* дейін *талап қою* мерзімінің өтіп кетуі...»

– Орыс тіліндегі мәтін: «*До предъявления иска* срок *исковой давности* истёк...»

Талап қою құқығы термині қазақша мәтінде *право требования* (157-бап) және *право предъявлять иск* (185-бап) ұғымдарының аудармасы ретінде қолданылған. Бұл *талап қою* терминінің көпмағыналылығын (полисемия) көрсетіп, құқықтық нақтылықтың бұзылуына ықпал етеді. *Предъявление требования* жалпы қолданыстағы ұғым болса, *иск* және *исковая давность*

заң мәтіндерінде бірізділікті қажет ететін арнайы терминдер. Қазақша нұсқадағы бұл сәйкессіздік орысша мәтіндегі анықтық пен нақтылықты сақтауға кедергі келтіреді.

Иск термині қазақша аудармасында сәйкессіздік тудырып, бірнеше синониммен беріледі. Ол *талап қою*, сондай-ақ *талап*, *талап арыз*, *қуыным* түрінде аударылған.

Талап арыз 350-бапта *иск* терминіне балама ретінде қолданылады:

Қазақ тіліндегі мәтін: «...егер талап ерікті түрде қанағаттандырылмаса, *талап арыз* берілген күні...»

Орыс тіліндегі мәтін: «...требование добровольно удовлетворено не было - в день предъявления *иска*.»

333-бапта көрініс табатын *қуыным* термині *иск* терминіне балама. Алайда, *қуыным* термині орыс тіліндегі *иск* терминінің нақты мағынасын бермейді.

Қазақ тіліндегі мәтін: «...ал егер кепілдік берушіге *қуыным жасалса*, борышқорды іске қатыстыруға міндетті»

Орыс тіліндегі мәтін: «...а если к гаранту предъявлен *иск* - привлечь должника к участию в деле.»

Қазақша нұсқада *талап* термині көпмағыналы болып, *иск* ғана емес, кейде *требование* және *условие* (965-бап) ұғымдарын да білдіреді. Мысалы, 179-бапта «талап» термині «требование» сөздің баламасы ретінде қолданылған: «басты *талап* бойынша талап қою мерзімінің бітуіне байланысты қосымша *талаптар* (айыптарды өндіріп алу, кепілдік берушінің жауапкершілігі және т.б. туралы) бойынша да талап қою мерзімі бітеді.»

Заң терминдерінің бірізді қолданылмауы мен әртүрлі ұғымдарға берілуі заңның сапасын төмендетеді. Қазақ тіліндегі *талап қою* термині түрлі ұғымдарды аудару үшін қолданылып, құқықтық базаның сенімділігіне зиян келтіреді. Орыс тіліндегі *иск* термині сотқа қатысты бірізді қолданылса, қазақ тілінде де заң терминдері осындай нақтылықпен қолданылуы тиіс. *Иск* терминінің ең қолайлы баламасы *талап арыз* деп санаймыз және *талап арыз беру* *предъявлять иск* ұғымына сай. Сонымен қатар, *исковая давность* түсінігін *талап қою* сөз тіркесі толық жеткізбейді, ал *талап мерзімі* сөз тіркесі орыс тіліндегі *исковая давность* терминін түсінігін нақтырақ көрсетеді. Мысалы, 179 бапта «*Талап арыз берілгенге дейін талап мерзімінің өтіп кетуі...*» деп нақтылау қажет. *Талап ету* терминінің *предъявление требования* терминінің баламасы ретінде қолданған орынды. Қазақша нұсқаның сенімділігін арттыру үшін бұл терминдер басқа мағыналармен алмастырылмауы қажет.

Азаматтық кодекстің қазақ тілді нұсқасындағы дәлсіздіктер оның мағынасын орысша мәтінге жүгінбей толық түсінуді қиындатады, бірақ екі нұсқаның да заңдық күші бірдей. Үнемі салыстыру бір нұсқаның

екіншісінен жоғары деп қабылдау қаупін туғызады. Қазақ тілді нұсқадағы терминдердің дәлсіздігі мәдени-әлеуметтік негіздегі түсіндірмелерді көрсетеді. Бұл сенім мынадай алғышарттарды қамтиды – астарлы болжам немесе жазушы оқырмандар нақты түсіндірмесіз түсінеді деп күтетін ортақ білім. Мысалы, *талап* және *мерзім* сияқты терминдердің бірнеше мағынада қолданылуы, оқырмандар, яғни заң мамандары немесе қарапайым тұлғалар, олардың арнайы заң мәнмәтініндегі ерекшеліктерін түсінеді деп болжайтын сынды. Мәдени және әлеуметтік түсіндірулерге тәуелділік тұтынушылар заңгерлік дискурс туралы бұрынғы білімдері негізінде терминдердің түрлі мағыналарын ажырата алады деп болжайды. Азуэлос-Агиастың пікірінше заң тіліндегі алғышарттар заңнамалық түсіндіруге, заңды дәлелдерге, үкімдерге және куәгерлердің айғақтарына айтарлықтай әсер етеді [10]. Бір нұсқа мәдени немесе әлеуметтік болжамды мағыналарға тәуелді болса, оның беделіне нұқсан келтіру қаупі жоғары және басқа нұсқаға жиі сілтеме жасауды қажет етуі мүмкін.

Азаматтық кодекстің бірнеше бабында *талап қою* терминінің әртүрлі мәнмәтінде қолданылуы сәйкес баламаларды таңдау қажеттілігімен немесе қайталауды болдырмаумен байланысты деп есептеуге де болады. Дегенмен, заң мәтіндерінде қайталау тек қолайлы ғана емес, сонымен қатар қажет дүние. Қайталау нақтылықты арттырады және түсіндіру кезінде ықтимал дәлсіздікті жояды. Құқықтық құжаттар табиғаты жағынан техникалық болып табылады және олардың негізгі мақсаты стильдік талғампаздық емес, керісінше дәлдік пен жүйелілік болуы керек.

Азаматтық кодекстің қазақ тілді нұсқасында терминдердің бірізді қолданылмауы сәйкессіздіктер аударма қателерінің салдары ғана ма деген сұрақ туындатады. 160-бапта орыс тіліндегі *истец* терминіне балама ретінде *талап қоюшы* деп берілуі сияқты жекелеген жағдайлар ықтимал қателерді көрсетеді. Кодексте негізінен *истец* терминіне балама ретінде жиі қолданылатын термин – *талапкер*. Сонымен қатар, *талап қою* және *талап ету* сияқты терминдердің бір сөйлемде немесе бірнеше бапта қайталануы қарапайым сәйкестікті емес, әдейі таңдауды меңзейді.

Егер аталмыш дәлсіздіктер тек аударма қателері болса, олар бірлі-жарым және жүйесіз болар еді. Бақыланған үлгілер лингвистикалық тәжірибеге негізделген өзекті мәселені және құрылымы, сөздік қоры және мәдени мәнмәтіні әртүрлі екі тілдегі, яғни орыс және қазақ тілдері арасындағы аударма қиындықтарын меңзейді. Тілдік икемділік күнделікті қарым-қатынаста немесе әдеби мәтіндерде қолайлы болғанымен, заң тілінде айтарлықтай қиындықтар туғызады. Қарапайым тілден айырмашылығы, заң терминдері қарым-қатынас құралы ғана емес, олар құқық құралдары.

Тағы бір *талап қою* сияқты шешімін таппаған термин – Азаматтық кодексте синоним ретінде қолданылған орыс тіліндегі *заем* терминінің аудармасы. Азаматтық кодекстің 36-тарауындағы *заем* және оның қазақ тіліндегі теңдесі *қарыз* сөзіне қатысты елеулі сәйкессіздіктер бар. 1999, 2007 және 2010 жылдардағы Азаматтық кодекстің талданған басылымдарында *қарыз* термині орын алмаған. Азаматтық кодекстің қазіргі нұсқасының 718-бабында *қарыз* термині қолданылса, 36-тараудың басқа баптарында *заем* термині кездеседі. *Заем* (орыс тілінен енген) және *қарыз* (қазақша баламасы) арасындағы сәйкессіздік маңызды мәселе туындатады.

Бір тарауда бір-бірін алмастыратын терминдердің қолданысы түсінбеушілік пен жаңылыс туғызып, оқырмандар үшін терминдер синонимдер ретінде қолданыс тапқан ба әлде аударма қатесі ме немесе басқа бір концепті білдіреді ме деген ой туғызады. *Қарыз* термині Азаматтық кодекстің қазақша нұсқасының 18-тарауында да қолданылған, бұл оның орыс тіліндегі кірме сөз *заем* терминіне синоним ретінде қарастырылғанын көрсетуі мүмкін. Алайда, *Termincom* 2014 жылы *заем* терминінің аудармасы ретінде *қарыз* деп бекіткенін ескерсек, Азаматтық кодекстегі баламалы терминдердің қолданылуы аударма қателігінің нәтижесі болуы ықтимал. *Қарыз* термині басқа мәнмәтіндерде әртүрлі ұғымдарды білдіру үшін қолданылатын полисемияны көрсетеді. Мысалы, *қарыз* термині 318-баптағы *ссуда* терминінің, ал 348-бапта *долг* терминінің баламасы ретінде қызмет етеді. Сонымен қатар, 17-тарауда *борыш* орыс тіліндегі *долг* терминінің қазақша баламасы ретінде берілген. Бұл мәселе заң терминдерінің бірізділігін бұзады, себебі *қарыз* термині бір құжатта әртүрлі құқықтық принциптерді білдіреді.

Азаматтық кодексте *заем* термині нақты ережелермен реттелетін заң термині болып табылады және оны *қарыз* терминімен алмастыру немесе оны синоним ретінде пайдалану орынсыз. Синонимдер – бір-бірін алмастыра қолданылатын сөздер, бірақ олардың қолданысы мәнмәтінге тікелей байланысты. Осылайша, синоним терминдерді мұқият талдау олардың айырмашылықтарын айқындайды, яғни бір терминнің мағынасы кең болса, екіншісінің мағынасы едәуір тар болуы мүмкін. *Қарыз* терминінің мағынасы кең және *долг* немесе *кредит* сияқты ұғымдарды да қамтиды. Дәлсіздікті болдырмау үшін *борыш* *долг* мағынасында қолданылса, онда *қарыз* нақты айқындалуы керек және әртүрлі мәнмәтінде синоним ретінде қолданысқа түспегені жөн.

Талқылауды қажет ететін келесі термин – *несие беруші*. Азаматтық кодексте орыс тіліндегі екі түрлі терминнің баламасы ретінде қолданылатын қазақ тіліндегі термин *несие беруші* ерекше бөлімнің 605-бабы тақырыбында *несие беруші ссудодатель* деп аударылады. Азаматтық кодекстің қазақ тілді

нұсқасындағы 5-бап тақырыбы *кредитор* ретінде *несие беруші* терминін қолданады:

Қазақ тіліндегі нұсқа: *Несие берушілердің* талаптарын қанағаттандыру

Орыс тіліндегі нұсқа: Удовлетворение требований кредиторов

Ссудодатель – мүлікті тегін пайдалануға беру құқығы бар адам, ал *кредитор* – қарызға ақша беретін адам. *Termincom несие беруші* терминін *ссудодатель* терминінің теңдесі ретінде ұсынады. *Несие беруші* терминінің үйлесімсіз аудармасы заңның нақтылығына әсер етеді, өйткені бұл термин *ссудодатель* және *кредитор* деген нақты заң ұғымдарын ажырата алмайды. *Несие беруші* термині *несие* терминінен шыққан – қазақ тілді сөйлеушілер үшін *кредит* дегенді білдіреді. 605-бап *несие* терминінің *ссуда* ұғымына қатысты қолданылатынын және *кредит* терминіне қатысы жоқтығын көрсетеді. *Кредит* термині тауарларды сатып алу-сату мәселелеріне арналған 25-тарауда кездеседі, мұнда ол ауызекі тілдегі *несие* мағынасында қолданылады. Мысалы, 441-бапта көрсетілгендей: «*шартта сатып алушыға тауар берілген соң белгілі бір уақыттан кейін оған ақы төлеу (тауарды кредитке сату)...*» *Termincom несие* терминін *ссуда* терминінің аудармасы ретінде ұсынады, бірақ жанында *кредит* жақша ішінде берілген. Бұл қосарлы көрініс терминдерді синоним ретінде пайдалануға болатындай әсер қалдырады. Алайда, олардың жалпыға бірдей түсінікті мағыналары мен Азаматтық кодекстегі анықтамалары арасында айқын алшақтық бар. Қазақ тілді сөйлеушілер үшін *несие ссуда* терминінің емес, *кредит* терминінің аудармасы деп түсінуге дағдыланған.

Сонымен қатар, Азаматтық кодекстің қазақ тілді нұсқасының жалпы және арнайы бөлімдерінде орыс тіліндегі *кредитор* терминіне теңдесі ретінде синонимдер берілген. 50-бапта *кредитор* кірме сөзі заңды тұлғаларды тарату мәнмәтінінде қолданылады:

Қазақ тіліндегі мәтін: «тарату комиссиясы заңды тұлғаны тарату, сондай-ақ оның *кредиторларының* талаптарын мәлімдеу тәртібі»

Орыс тіліндегі мәтін: «ликвидационная комиссия публикует информацию о ликвидации юридического лица, а также порядке и сроке заявления претензий его *кредиторами* ...»

Азаматтық кодекстің қазақ тілді нұсқасының арнайы бөлімінің 574-бабында *кредитор* терминінің баламасы ретінде *кредит беруші* термині қолданылады:

Қазақ тіліндегі мәтін: «жалға алушыға борыштарын аударғаны туралы жалға беруші өз *кредит берушілерін* жалдау шарты жасалғанға дейін...»

Орыс тіліндегі мәтін: «О переводе долгов на арендатора арендодатель обязан письменно уведомить своих *кредиторов* до заключения договора аренды...»

Termincom орыс тіліндегі *кредитор* терминін кредитор деп аударып, *кредит беруші* нұсқасын атамайды. Жоғарыда келтірілген мысалдардан орыс тіліндегі *кредитор* терминінің аудармасы ретінде үш балама қолданылғанын айта аламыз. Егер *кредитор* мен *кредит беруші* синоним ретінде қарастырылса, *несие беруші* басқа ұғымды білдіреді. Бұл бүкіл Азаматтық кодексте қайталанатын құбылыс, сондықтан олардың синоним немесе аударма қателері екенін дөп басып айту қиын. Сонымен қатар, *заем* және *қарыз* термині сияқты бір тарауда *кредитор* және *несие беруші* өзара алмасып қолданылады.

Риггс белгілі бір дискурс жиынтығында поливалентті терминдерді бір-бірінен ажырата отырып, оларды бір мағынаны білдірсе, бір мәнді (unequivocal), ал бірнеше мағынаны білдіресе, екі мәнді (equivocal) деп жіктейді [11]. Сонымен қатар, Риггстің пікірінше, егер мәнмәтін нысаны көздеген мағынаны заң тіліндегідей нақты бейнелесе, дескриптивтік терминология екі мәнді (equivocal) терминдердің де нақты қолданысқа ие бола алатынын мойындайды. Прескриптив терминдер жарғыларда нақты анықталған немесе нақты мағыналарын заң шеңберіндегі сәйкестікті қамтамасыз ете отырып, алдыңғы заңдық анықтамалардан алады [12]. Біз Азаматтық кодекстегі *тарату* терминін дескриптив және прескриптив терминдер ретінде полисемия, екі мәнді және бір мәнді қолдану аясында талдадық. *Тарату* егістігі қарапайым қазақ тілінен шыққандықтан және түрлі мәнмәтінде қолданылатындықтан өзінің көп мағыналылығын айқын көрсетеді. Азаматтық кодекстің қазақ тілді нұсқасында *тарату* заңды тұлғаны тарату, хабар тарату, ақпарат тарату немесе зияткерлік меншік нысандарын тарату сияқты әртүрлі әрекеттерді білдіретін әртүрлі мәнмәтінде кездеседі. Заң саласында біртұтас, бірізді мағынаның болмауы оны екі мәнді полисемияға айналдырады. Төменде оның Азаматтық кодекстің әртүрлі баптарында қолданыс тапқан мысалдары келтірілген:

– *заңды тұлғаны тарату негіздері (49-бап)- основания ликвидации юридического лица*

– *телерадио хабарларын тарату объектілері (193-1-бап) - объекты телерадиовещания*

– *зиян ар-ожданына, қадір-қасиеті мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер тарату арқылы келтірілсе (951-бап) - вред причинен распространением сведений, порочащих честь, достоинство и деловую репутацию*

– *эфирлік және кәбілдік хабар тарату ұйымдарының орындаушылығы (961-бап)-передачи организаций эфирного и кабельного вещания*

- автор туындыны халыққа тарату туралы бұрын қабылдаған шешімінен бас тартуға құқылы (979 – бап) - автор имеет право отказаться от ранее принятого решения об *обнародовании* произведения.

Екі мәнді (equivocal) терминдерді түсініксіздік тудырмай қолдануға болады, егер контекстік нұсқаулар олардың нақты мағынасын анықтап тұрса. Жанама сөз тіркестері мен заң мәнмәтіні әр жағдайда оның мағынасын нақты түсіндіретін анықтама бере алады. Дегенмен, бір-бірімен байланысы жоқ ұғымдар үшін бір терминді қайталап пайдалану, әсіресе 977-бапта (*автор туындыны халыққа тарату туралы бұрын қабылдаған шешімінен бас тартуға құқылы - автор имеет право отказаться от ранее принятого решения об обнародовании произведения*) көрсетілгендей, оқырмандар үшін түсініксіздік тудыруы ықтимал. *Тарату* терминінің *обнародование* ұғымын білдіретіні нақты емес, сондықтан біз *тарату* сөзін *обнародование* терминінің дәл баламасы деп санамаймыз. *Тарату* термині дәл түсіндіру үшін негізінен дескриптивтік мәнмәтінге сүйенетін сияқты. Азаматтық кодекстің көптеген баптарында тарату әртүрлі заңды тұлғаларды тарату мәнінде қолданылады. Бұл қолданыс кең тарағанымен, *тарату* неғұрлым жалпы термин, ал Азаматтық кодекстің орыс тілді нұсқасындағы *ликвидация* термин қарапайым тілде емес, әдетте арнайы салаларда қолданылатын нақты термин деп ойлаймыз.

Азаматтық кодексте кездесетін басқа да терминдердегі синонимияға қатысты осы сынды мәселелер туындайды. Азаматтық кодекстің қазақ тілді нұсқасындағы *жылжымайтын мүлік* және *жылжымалы мүлік қозғалмайтын* және *қозғалатын мүлік* терминдерімен өзара алмасып қолданылады, бұл терминдер орыс тілді нұсқасындағы нақты бекітілген *недвижимое имущество* және *движимое имущество* заң ұғымдарын білдіреді. Дәйекті заң терминологиясын ұстанатын орыс тілді мәтіннен айырмашылығы, қазақ тілді нұсқасы бірдей заң ұғымдарын сипаттау үшін бірнеше терминдерді енгізеді, нәтижесінде қажетсіз түсініксіздіктер пайда болады.

Мединаева А. және Хамзина Н. 2014 жылы «Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіндегі Бірізділік Мәселелері» атты мақалаларында осы мәселені көтереді. Он жыл уақыт өтіп кетсе де, Азаматтық кодекстегі терминология мәселесі әлі күнге дейін шешімін таппай келеді. Мединаева А. мен Хамзина Н. Азаматтық кодекстің қазақ тілді нұсқасына орыс тіліндегі *законодательные акты* термині сәйкессіз аударылып, *заң актілері* және заңнамалық актілер ретінде көрініс табады деп жазады [13]. Терминcom екі терминді де орыс тіліндегі *законодательные акты* тіркесінің аудармасы ретінде береді, яғни олар синонимдік қатар құрайды, өйткені олардың қайталануы дәйекті және кездейсоқ емес. Мединаева мен Хамзина аталмыш

дәлсіздіктерді аударма мерзімдерінің тығыздығы, білікті мамандардың тапшылығы, аудармашылардың біліктілігі сияқты факторлармен байланыстырады.

Орыс тіліндегі заң терминологиясы дәлдікке негізделген және заң терминдерін қолданады, қазақ тіліндегі заң тілі полисемия деңгейін көтеретін көп мәнді терминдерді жиі қолданысқа түсіреді. Аталмыш айырмашылық заң ұғымдарын құрастыру мен жеткізудегі мәдени және құрылымдық айырмашылықтарды көрсетеді. Континенттік құқық жүйесінде, сот шешім шығару барысында заң нормаларына қатаң түрде негізделеді, сондықтан, заң тіліндегі дәлдік әділетсіз шешімдердің орын алуына жол бермеуде өте маңызды. Қазақ тілі мен орыс тіліндегі заң терминдері арасында жүйелі баламаларды белгілеу, негізінен, қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктеріне және қазақ тілінің ұзақ уақыт бойы орыс тілінің ықпалында болғандығына байланысты күрделі мәселе болып қалып отыр.

Қорытынды

Қазақ тіліндегі заң терминологиясы түсіндірме аясында нақты әрі бірізді болу үшін мәтін тұрғысынан стандартталуы тиіс. Терминдерді бірізді қолданбау қате түсіндіру қаупін тудырып қана қоймайды, сонымен қатар заң жүйесіне деген сенімге нұқсан келтіреді. Бұл мәселені шешу үшін заң құжаттарын жасау және аудару кезінде терминологиялық жүйелілікке басымдық беру өте маңызды. Яғни нақты заң терминдерінің бекітілген және жалпы қабылданған балама болуын қамтамасыз ету үшін қазақ тіліндегі беделді заң лексикасын әзірлеу; екі тілде де, құқықтық жүйелерде де тәжірибесі бар заң аудармашылары мен заңгерлерді жұмысқа тарту; көп мәнді немесе синоним терминдері әсерінен туындайтын ықтимал түсініксіздіктерді анықтау және шешу үшін заң мәтіндеріне қатаң сараптама жүргізу. Стандартталған заң лексикасын құруға үкімет бекіткен орысша-қазақша заң сөздігін жасау арқылы қол жеткізуге болады. Үкімет стандартталған заң терминдерінің тек заңнамада ғана емес, сонымен қатар қазақ тілінде адвокаттық қызметпен айналысатын және қолданатын заңгерлер тарапынан да жүйелі түрде қолданылуын қамтамасыз етуі керек. Егер заңнама бастапқыда қазақ тілінде жасалмаса, Азаматтық кодексте және басқа заңдарда сәйкессіздіктер сақталу қаупі жоғары. Заңдарды тікелей қазақ тілінде жазу лингвистикалық қиындықтарды анықтап, көздеген мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік береді. Аударма үдерісі қателер мен жеке түсіндірулерге бейім, бұл оны нақты және бірізді заң тілін құру үшін сенімсіз негізге айналдырады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 **Cruse, A.** Glossary of Semantics and Pragmatics [Text]. – Edinburgh : Edinburgh University Press, 2006.
- 2 **Fromkin, V., Rodman, R., Hyams, N. M., Collins, P., Amberber, M., & Cox, F.** An Introduction to Language (7th ed.) [Text]. – Boston : Cengage Learning, 2012.
- 3 **Cruse, A.** Meaning in Language: An Introduction to Semantics and Pragmatics [Text]. – Oxford : Oxford University Press, 2011. – P. 142–145.
- 4 **Matulewska, A.** Semantic relations between legal terms : A case study of the intralingual relation of synonymy [Text] // Studies in Logic, Grammar and Rhetoric. – 2016. – Vol. 45, Issue 1. – P. 161–174.
- 5 **Matilla, H. E. S.** Comparative Legal Linguistics [Text]. – Translated by C. Goddard. – Aldershot : Ashgate, 2006.
- 6 **Hemel, D. J.** Polysemy and the Law [Text] // Vanderbilt Law Review. – 2023. – Vol. 76, Issue 6. – P. 1067–1102.
- 7 **Ortega-Andrés, M., Vicente, A.** Polysemy and co-predication [Text] // Glossa : A Journal of General Linguistics. – 2018. – Vol. 4, Issue 1. – P. 1–36. – doi: 10.5334/gjgl.564.
- 8 **Пашан, Д. М.** Бір буынды көпмағыналы сөздердің табиғаты [Мәтін] // TILTANYM. – 2022. – № 2(86). – 59–76. – <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2022-2-57-73>.
- 9 **Macnamara, J.** Content analysis [Text] // Mediated Communication / Ed. P. M. Napoli. – Berlin; Boston: De Gruyter Mouton, 2018. – P. 191–212. – <https://doi.org/10.1515/9783110481129-012>.
- 10 **Azuélos-Atias, S.** On the incoherence of legal language to the general public [Text] // International Journal for the Semiotics of Law-*Revue internationale de Sémiotique juridique*. – 2011. – Vol. 24, Issue 1. – P. 41–59.
- 11 **Riggs, F. W.** Social science terminology: Basic problems and proposed solutions [Текст] // Terminology: Applications in Interdisciplinary Communication / Eds. H. S. Sonneveld & K. L. Loening. – Amsterdam; Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 1993. – P. 195–220.
- 12 **Chromá, M.** Synonymy and polysemy in legal terminology and their applications to bilingual and bijural translation [Text] // Research in Language. – 2011. – Vol. 9. – No. 1. – P. 31–50. DOI:10.2478/v10015-011-0004-2.
- 13 **Мединаева, А., Хамзина, Н.** Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіндегі Бірізділік Мәселелері [Текст] // Қазақстан Республикасының Заң шығару институтының жаршысы. – 2014. – Т. 1. – № 1(33). – С. 102–105.

References

- 1 **Cruse, A.** Glossary of Semantics and Pragmatics [Text]. – Edinburgh: Edinburgh University Press, 2006.
- 2 **Fromkin, V., Rodman, R., Hyams, N. M., Collins, P., Amberber, M., & Cox, F.** An Introduction to Language (7th ed.) [Text]. – Boston : Cengage Learning, 2012.
- 3 **Cruse, A.** Meaning in Language: An Introduction to Semantics and Pragmatics [Text]. – Oxford : Oxford University Press, 2011. – P. 142–145.
- 4 **Matulewska, A.** Semantic relations between legal terms: A case study of the intralingual relation of synonymy [Text] // Studies in Logic, Grammar and Rhetoric. – 2016. – Vol. 45, Issue 1. – P. 161–174.
- 5 **Matilla, H. E. S.** Comparative Legal Linguistics [Text]. – Translated by C. Goddard. – Aldershot : Ashgate, 2006.
- 6 **Hemel, D. J.** Polysemy and the Law [Text] // Vanderbilt Law Review. – 2023. – Vol. 76, Issue 6. – P. 1067–1102.
- 7 **Ortega-Andrés, M., Vicente, A.** Polysemy and co-predication [Text] // Glossa : A Journal of General Linguistics. – 2018. – Vol. 4, Issue 1. – P. 1–36. – [doi: 10.5334/gjgl.564](https://doi.org/10.5334/gjgl.564).
- 8 **Pashan, D. M.** Bır buyndy köpmağınaly sözderdüñ tabığaty [The Nature of Monosyllabic Polysemantic Words] [Text] // TILTANYM. – 2022. – No. 2(86). – P. 59–76. – <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2022-2-57-73>.
- 9 **Macnamara, J.** Content analysis [Text] // Mediated Communication / Ed. P. M. Napoli. – Berlin; Boston: De Gruyter Mouton, 2018. – P. 191–212. – <https://doi.org/10.1515/9783110481129-012>.
- 10 **Azuélos-Atias, S.** On the incoherence of legal language to the general public [Text] // International Journal for the Semiotics of Law-*Revue internationale de Sémiotique juridique*. – 2011. – Vol. 24, Issue 1. – P. 41–59.
- 11 **Riggs, F. W.** Social science terminology: Basic problems and proposed solutions [Text] // Terminology: Applications in Interdisciplinary Communication / Eds. H. S. Sonneveld & K. L. Loening. – Amsterdam; Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 1993. – P. 195–220.
- 12 **Chromá, M.** Synonymy and polysemy in legal terminology and their applications to bilingual and bijural translation [Text] // Research in Language. – 2011. – Vol. 9. – No. 1. – P. 31–50. DOI:10.2478/v10015-011-0004-2.
- 13 **Medinayeva A., Hamzina N.** Qazaqstan Respublikasynyñ Azamattıq Kodeksindegi Birizdilik Mäsleleri [Questions of uniformity of the Civil Code of the Republic of Kazakhstan] [Text] // Qazaqstan Respublikasy Zañ şyğaru institutyñıñ jarısy. – 2014. – Vol. 1. – No. 1(33). – 102-105

31.12.24 ж. баспаға түсті.

31.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

17.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Р. К. Токсанбаева¹, К. К. Кенжеканова²

^{1,2}Қазақский национальный

университет имени аль-Фараби,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 31.12.24.

Поступило с исправлениями 31.01.25.

Принято в печать 17.02.25.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СИНОНИМИИ И ПОЛИСЕМИИ В ГРАЖДАНСКОМ КОДЕКСЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Исследование посвящено лингвистическим проблемам в юридическом переводе с акцентом на синонимию и полисемию в казахской и русской версиях Гражданского кодекса Казахстана. Лингвистическая неопределенность в юридическом языке, вызванная использованием эквивалентных терминов в переводе, может привести к расплывчатости и неоднозначности, влияя на толкование и применение законов. Основная цель исследования заключается в том, чтобы выяснить, является ли использование синонимов и полисемии в Гражданском кодексе преднамеренным или обусловлено ошибками перевода. Это особенно актуально для Казахстана, где законы составляются на русском языке и переводятся на казахский, что часто приводит к неточностям из-за субъективности перевода. В исследовании используется сравнительный метод, который предполагает анализ и сопоставление общей и особенной частей казахской версии Гражданского кодекса с русской версией для выявления несоответствий и оценки их последствий. Исследование подчеркивает практическую и научную значимость для обеспечения языковой точности в юридических текстах, поскольку ошибки перевода могут приводить к противоречивым интерпретациям и неравномерному использованию русской и казахской версий Гражданского кодекса. Исследование, рассматривающее термины Гражданского кодекса в рамках синонимии и полисемии, вносит вклад в область юридической лингвистики и предлагает решения для повышения ясности и точности правовых документов.

Ключевые слова: синонимия, полисемия, Гражданский кодекс, юридический перевод, юридическая неоднозначность

*R. K. Toxanbayeva¹, K. K. Kenzhekanova²

^{1,2}al-Farabi Kazakh National University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 31.12.24.

Received in revised form 31.01.25.

Accepted for publication 17.02.25.

THE USE OF SYNONYMY AND POLYSEMY IN THE CIVIL CODE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

The research investigates linguistic challenges in legal translation, with a focus on synonymy and polysemy in the Kazakh and Russian versions of the Civil Code of Republic of Kazakhstan. Linguistic indeterminacy in legal language, caused by the use of equivalent terms in translation, can lead to ambiguity, impacting the interpretation and application of laws. The primary aim of the study is to explore whether the use of synonyms and polysemy in the Civil Code occurs intentionally or arises from translation errors. This is especially relevant in Kazakhstan, where laws are drafted in Russian and translated into Kazakh, often leading to inaccuracies due to the subjectivity of translation. This research employs a comparative method, examining and contrasting the general and special parts of the Kazakh version of the Civil Code with the Russian version to uncover inconsistencies and assess their implications. The study highlights the practical and scientific significance of addressing linguistic precision in legal texts, as errors in translation can lead to conflicting interpretations and unjust outcomes. By examining the terms in the Civil Code in the framework of synonymy and polysemy, the research contributes to the field of legal linguistics and proposes solutions to enhance the clarity and accuracy of legal documents.

Keywords: synonymy, polysemy, Civil Code, legal translation, legal ambiguity

Теруге 17.02.2025 ж. жіберілді. Басуға 28.03.2025 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,76 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,73. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4350

Сдано в набор 17.02.2025 г. Подписано в печать 28.03.2025 г.
Электронное издание
4,76 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,73. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4350

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz